

отырса, сол сияқты орыс тіліне де қазақ тілінен көптеген сөздің еніп отырғанын бүгінгі ұрпақтың білуі маңызды. Бұның бүгінгі жастардың тілімізге деген құрмет сезімін арттырары сөзсіз. Ол үшін арнайы қарапайым халықтың қабылдауына жеңіл түрде орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне енген сөздерді қамтыған электронды түрдегі сөздіктер шығарылса деген ұсыныс білдіреміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баскаков Н.А. – М.: Прогресс, 1986. – 82 с.
2. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2005. - 14-15.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. 135, 167, 186, 138, 143-б.
4. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. 2, 4-том. – М.: Прогресс, 1967. – 480 с.
5. Рысбаев Ә. Қазақ және түркі тілдеріндегі ортақ лексика // ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы, 2003. №5. – Б. 194-195.

#### Баербекова Алия Ермуратовна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 1-курс докторанты

*Ғылыми жетекші:  
ф.ғ.к., профессор Ж.Д.Рапишева*

### ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ КОНЦЕПТ ҰҒЫМЫ

Когнитивтік лингвистика ғылымы ХХІ ғасырдың басындағы қоғамдағы жаһандану үрдісі кезеңінде дамыған, бірнеше ғылымдардың тоғысуынан пайда болған жаңа ғылымдардың бірі болып табылады.

Әр халықтың тілі – сол халықтың шынайы әрі бірегей этникалық болмысының көрінісі. Тіл арқылы халықтың мәдениетін, халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, дінін, ділін, өзіндік танымын түсінеміз.

Бүгінгі күнге дейін тіл мен таным мәселелері философия, психология және лингвистика ғылымы аясында жеке-дара зерттелсе, бүгінгі күні тіл білімі ғылымында тіл мен танымды бірлікте қарастыру мәселесі кеңінен әрі жан-жақты дамып келеді. Ал танымдық ғылымның басты зерттеу нысанының бірі – концепт, яғни тірек мағына ұғымы.

Адам танымындағы ғаламның тілдік бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептілердің көмегімен көрініс табады. Концептілер сөз арқылы таңбаланып, вербалданады. Сол себепті қазіргі таңда концепт ұғымы арқылы ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру тіл білімінің өзекті мәселесі болып отыр.

Адам өзін қоршаған болмысты, әлемдегі сан қилы құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайтарады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасап, өндейді, қорытады, өз ойын қосып, баға береді, оны әрі қарай тәжірибеде қолданады, нәтижесінде кез келген ұғымның тұтас бір көрінісі ретінде әлемнің, дүниенің тілдік көрінісі, бейнесі қалыптасады.

Когнитивтік лингвистиканың өкілдері (А.П.Бабушкин, Е.С.Кубрякова, И.А.Стернин, т.б.) концептіні оперативті сананың бірлігі ретінде түсіндіреді, ал концептіні бұлай түсіндірудегі ең бастысы оның тұтастығының көрсеткіші болып табылады. Лингвомәдени бағыттың өкілдері (Н.Д.Арутюнова, А.Вежбицкая, С.Г.Воркачев, В.И.Карасик, Д.С.Лихачев, Ю.С.Степанов, Л.О.Чернейко, т.б.) оны қалай болғанда да этносемантикалық дәрежеде белгіленген ментальды білім ретінде қарастырады.

Жалпы концептінің құрылымы өте күрделі болып келеді. Ғалым Е.С.Кубрякова «концепт» дегеніміз «оперативная содержательная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга (lingua mentalis), всей картины мира, отраженной в

человеческой психике» [1, 5] десе, Ю.С.Степановтың айтуынша: «концепт – это как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. И, с другой стороны, концепт – это то, посредством чего человек сам входит в культуру, а в некоторых случаях и влияет на нее» [2, 56].

Зерттеуші З.Д.Попова концептілердің түрлерін анықтай отырып, когнитивтік концептілердің адам санасында қалыптасуын әртүрлі үдерістер негізінде, яғни сезімталдық, ойлау операциялары, санадағы тілдік бірліктер арқылы деп ашып көрсетеді. «Концепт адам санасында, біріншіден, сезімдік тәжірибесі арқылы қалыптасады, екіншіден, адамның өзіндік тұрмыс-тіршілігі, қызметі арқылы ұласады, үшіншіден, бұрын санада қалыптасқан ситуациялар мен басқа да концепт белгілері мен қасиеттерін сәйкестендіре қолдану арқылы таныла түседі, төртіншіден, тілдік таңбасы жиі қолданыстан өтіп, стереотиптік деңгейге жеткен таңбалармен таныту арқылы анықталады, бесіншіден, тілдік бірліктерін саналы түрде сол дүние табиғатын танытуға болады деп тұжырым жасау негізінде қалыптасады» [3, 78] деп түсіндіреді.

Ғалым А.Вежбидская концепт идеалды өмірдің нысаны, ол адамның дүние туралы танымынан көрінеді деп түсіндіреді: «Языковая концептуализация различна в разных культурах... Язык отражает происходящее в сознании, а не в мозгу, наше же сознание формируется, в частности, и под воздействием окружающей нас культуры. Концептуальные универсалии действительно существуют, но я думаю, что они могут быть обнаружены только путем концептуального анализа, основанного на данных многих языков мира...» [4, 66].

«Концепт существует в ментальном мире человека не в виде четких понятий, а как «пучок» представлений, понятий, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слова: «концепты не только мыслятся, они переживаются. Они – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений» [5, 21] деп ғалым Ю.С. Степанов өз зерттеулерінде концептілерге жан бітіреді.

Концепт ұғымын С.А.Аскольдов-Алексеев адам санасымен байланыстыра келіп, ойлау үдерістерінен тұратын концептінің мәнін түсіндіру қиын екенін атап көрсетеді [6, 29].

Концепт ұғымдық ақпаратты ғана емес, сонымен қатар психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени және тарихи ақпараттарды да білдірумен ерекшеленеді. Концептілердің үлгілеріне тән ортақ және ерекше белгілерін анықтап, айқындау үшін олардың тілдегі жалпы көрінісін, олардың берілу жолдарын, сол ұғымдардың шығу тегін, яғни этимологиясын, тарихын, синонимиясы мен антонимиясын, қандай сөздермен тіркескенін, контекстегі қолданылу сипатын, семантикалық аясын, образды ассоциациясын, жалпы тілдегі көрінісін түсінген соң ғана адам санасындағы алатын орнын айқындауға мүмкіндік туады.

Кейінгі жылдары концепт термині қазақ тіл білімінде де жиі қолданылып, көптеген ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Отандық зерттеуші ғалымдар Ж.Манкеева, Э.Оразалиева, Қ.Жаманбаева, Н.Уәли, Г.Смағұлова, Г.Мұратова, Г.Сағидолда, Г.Снасапова, М.Күштаева, С.Жапақов, А.Ислам, Б.Ақбердиева, Ш.Ниятова, Б.Тілеубердиев, Ш.Елемесова, Г.Имашова, т.б. еңбектерінде концепт ұғымының ерекшелігі айтылады.

Тілші ғалым М.Т. Күштаева мәдени сөздерді жасаушы әлеумет екендігін былай түсіндіреді: «Сөздердің «мәдениленуі» әдет-ғұрыпты сипаттайтын, адамның жекелеген қасиеттерін білдіретін сөздердің (тұрмыс, мінез-құлық, кедейлік, батырлық т.б.), тіпті нақты іс-әрекеттердің (ән салу, суға жүзу, аңға шығу, балық аулау, егін салу) негізінде де жүзеге асады. Жекелеген халық үшін бұл сөздер жалпы мәдени мазмұнға ие бола алады. Өйткені олар қандай да бір мәдени ерекшелікті білдіреді. Концепт сөздер мәдениеттің басты-басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге оларды мән-мағынасын да қамтиды», – дейді [7, 13].

Концепт әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегі болады дедік. Ал осы концептілер адам танымында маңызды орын алады. Жалпы айтқанда, концептілер ретінде адамзат өмірінде

ерекше рөл атқаратын тірек ұғымдар алынады. Шындық өмірдегі белгілі бір мәдениет үшін құнды әрі көкейкесті мәні бар мәдени атаулар ғана концепт дәрежесінде танылады.

Концепт деп барлық ұғымдарды атай алмаймыз. Белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы бар деп танылатын күрделі ұғымдарды, жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды ғана жатқыза аламыз. Мысалы, біздің халқымыз үшін *домбыра, қобыз, бесік, бөрік, тұмар, киіз үй, шаңырақ, қамшы, ту, кең дала*, т.б. сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени концепт болып табылады.

Мәдени концептілерді А.Я.Гуревич «кеңістік», «мәдени универсалды» деп аталатын философиялық элементтер және «мәдени категориялар» деп аталатын екі топқа бөледі [8], ал В.А.Маслова «ұлттық мәдени категориялар» деп үшінші топты бөліп шығарады [9]. Ол мәдени категория деп *бақыт, махаббат, тән, ар, ұят, жан, ерлік, мәрттік, кеңшілдік* т.б. концептілерді атайды. Осы айтып отырған концептілеріміз бір-бірімен байланыса келіп, концептілік өрісті құрайды. Мұндай концептілік өрісте «ар, намыс» лексемасы бар образды сөз оралымдарына қатысты тірек ұғымдар аталған мәдени концептілердің бірден-бір элементі ретінде танылады. Бір ғана «ар, намыс» концептісі арқылы бүтін бір этностың өзіне тән, өзге ұлттардан ерекше болмыс-бітімін аңғаруға болады.

Қазақ халқы «ар, намыс» деген қасиетті ең жоғарғы адамдық қасиеттерге жатқызатыны мәлім. Адамның адам екендігін танытатын бірден-бір көрсеткіш оның «ары, намысы». «Ар, намысы» арқылы адамның азаматтық ортадағы адами болмысы танылады. Осы «ар, намыс» деген адами ерекше қасиетті әр қазақ баласы қалайда қастерлеп жүруге бар күш-жігерін жұмсайды. Осындай айтқандарымызды мынадай тілдік деректер негізінде танып-білуге болады. Мысалы: *«Малыңа сүйенбе, арыңа сүйен», «Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Тәнім – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Мал сақтама, ар сақта», «Ел намысы – ер намысы», «Шөлдің қамысы болмайды, жаманның намысы болмайды», «Алысқа шабар жүйрік бол, намысқа шабар жігіт бол»* т.б. мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестердің семантикалық құрылымына үңілу арқылы «ар, намыс» лексемасының концептілік өріске қатыса алатынын көруге болады. «Ар, намыс» концептісі адамның азаматтық қасиетін сақтау арқылы тектілік, ерлік, тәртіптілік, азаматтық, инсандық, адамгершілік, дегдарлық, мәрттік, т.б. әлеуметтік мәнділігі жоғары логикалық модельді білдіретін концепт жасауға құрылымдық элемент ретінде қатысады.

Ұлттың ұлт болып айқындалуының бірден-бір белгісі – оның тілі мен мәдениеті. Тіл мен мәдениеттің кумулятивті қызметі ғасырлар бойы дүниетанымдық тәжірибені жинақтап, сақтап келер ұрпаққа беріп отыратын біртұтас құбылыс; объективті дүниені танып-түсіну, ойлау үдерісі негізінде жүзеге асады. Тіл таным нәтижесін бейнелеу құралы ғана, бұл тұжырым әр тіл иелерінің санасы әртүрлі болады деген жаңсақ пікірлерді жоққа шығарады. Қандай да болмасын ұлттық мәдениет өкілдерінің танымдық негізі болар концептілер жиынтығы болады. Ғасырлар бойы рухани өмірдің мәдениетпен ұштасқан тәжірибесі концептіде көрініс табады.

Ұлттық мәдениетті дүниенің тілдік бейнесі ретінде қарастырған, әрі концептіні белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп таныған ғалым А.Исламның мына тұжырымынан байқауымызға болады: «концептің басты белгілеріні бірі – оны мәдени реңкте болуы, сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады» дей келе, «концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі тере мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» деген анықтама береді [10, 15].

Қорыта айтқанда, «концепт» – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтырын айқындайтын тілде көрініс тапқан бірлік. Әр ұлттың концептілер жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. Концептілер бір-бірімен тығыз

байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамдық даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелері абстрактілі концептілерді түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кубрякова Е.С. Семантика в когнитивной лингвистике: (о концепте контейнера и формах его объективации в языке) // Изв.РАН. Сер. Литературы и языка. – 1999. – № 5/6. – С. 3-12.
2. Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры: Изд. 2-е, испр. и доп. — М.: Академический Проект, 2001. – 990 с.
3. Попова З. Д. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях. –Воронеж, 2000.
4. Вежбидская А. Толкование эмоциональных концептов. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1997.
5. Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1997.
6. Аскольдов-Алексеев С. Концепт и слово // Русская речь. Вып. II. – Л., 1928. – 128 с.
7. Күштаева М.Т. «Тарь» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. Филол. ғыл. канд. ...автореф.: 10.02.20 – Алматы, 2005. – 24 б.
8. Гуревич А.Я. Категория средневековой культуры. –М.: Наука, 1984.
9. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М.: Наследие, 1997.
10. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филол. ғыл. д-ры. дис. автореф.:10.02.20 – Алматы, 2004. – 54 б.

#### Шалгимбаева Сабина Талгатовна

Карагандинский университет им.академика Е.А.Букетова

*Научный руководитель:*

*к.ф.н, ассоц. проф.*

*Аязбаева Бахыт Кусаиновна*

### СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК В РУССКОМ И КИТАЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Почему дыма без огня не бывает, а молчание – знак согласия? Испокон веков народная мудрость находила отражение в пословицах и поговорках. Эти речевые формы являются неотъемлемой частью языка, любого: русского, китайского, французского, английского... Кроме того, эти малые жанры фольклора абсолютно жизнеспособны. Люди, попадая в ту или иную ситуацию, даже не задумываясь, используют пословицы. Русские, когда хотят сказать о том, что не нужно торопиться при выполнении важного дела, скажут: «Поспешишь – людей насмешишь», аналог для китайского языка 欲速则不达 yù sù zé bù dá (дословно: хочешь поскорее – не достигнешь цели).

Как в русском, так и в китайском языке, имеется большое количество фразеологизмов. Поэтому русские и китайские ученые с разных точек зрения изучали и изучают фразеологизмы. Но из-за различных подходов к исследованию, ученые до сих пор не смогли прийти к единому мнению о том, что такое фразеологизм. На основе предыдущих исследований пытаемся уточнить понятие «фразеологизм» в данной диссертационной работе.

Понятие «фразеологизм» в «словаре-справочнике лингвистических терминов» определяется как лексически неделимое, устойчивое в составе и структуре, целостное по значению словосочетание, воспроизводимое в виде готовой речевой единицы.

Известный русский лингвист В.В. Виноградов сделал очень много для исследований фразеологизмов. Он выделил три основных типа фразеологических единиц, которые были названы: